

Үкіметаралық комиссияларды құру және олардың қызметі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 17 шілде N 986. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен. ~P020594

Халықаралық келісімдер мен шарттарды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын дамытуды үйлестіру мақсаты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар (комитеттер, кеңестер) туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 62 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 38-бап) мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-түрік комиссиясына - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А.С.Есімов;

экономикалық және техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Индонезия комиссиясына - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібінің министрі Н.Ө.Балғынбаев".

2. "Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Монғол үкіметаралық бірлескен комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қыркүйектегі N 932 P930932_ қаулысымен құрылған Қазақстан-Монғол үкіметаралық бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ж.С.Кәрібжанов Қазақстандық бөлігінің төрағасы ретінде енгізілсін;

Басқа жұмысқа ауысуына байланысты С.Д.Бейсенов аталған комиссияның құрамынан шығарылсын.

3. "Қазақстан-Израиль үкіметаралық бірлескен экономикалық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қаңтардағы N 17 қаулысымен құрылған Қазақстан-Израиль үкіметаралық

бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі В.В. Храпунов (қазақстандық бөлігінің төрағасы ретінде) енгізілсін.

Басқа жұмысқа ауысуына байланысты С.Ж. Әбішев аталған комиссияның құрамынан шығарылсын.

4. Комиссиялардың қызметі "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар (комитеттер, кеңестер) туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 62 қаулысымен Р950062_ реттеледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі